

## Қазақстан Республикасында аутоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 3 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 990. Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен .*

---

"Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі N 29 Заңына сәйкес және "Қазақстан Республикасында көлік құралдарын мемлекеттік техникалық байқауды жүргізуді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 тамыздағы N 1206 қаулысын орындау үшін **Бұйырамын** :

1. Қазақстан Республикасында аутоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібі бекітілсін (1-қ о с ы м ш а ) .

2. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ішкі істер департаменттерінің бастықтары:

1) Жол полициясының бөлімшелері қызметкерлерінің Тәртіпті оқуын қамтамасыз етсін және оны орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;

2) автокөлік құралдарының иелерін (заңды және жеке тұлғаларды) осы Тәртіптің талаптары туралы ақпараттандыру жөнінде іс-шаралар жүргізісін;

3) осы Тәртіпте көзделген қызметтік құжаттамалардың бланкілерін дайындасын және Жол полициясының бөлімшелерін олармен жабдықтауды қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

4) мемлекеттік техникалық байқау жүргізу кезінде ұрланған және алып кетілген көлік құралдары мен олардың құрамдас бөліктерін анықтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін;

5) Жол полициясының бөлімшелеріне көлік құралдарының саны мен олардың мемлекеттік техникалық байқаудан өткендігі туралы мәліметтердің компьютерлік есебі мен талдауын енгізуді қамтамасыз етсін.

*Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен , 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N*

722 бұйрығымен , 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 528 бұйрығымен , 2006 жылғы 16 ақпандағы N 78 бұйрығымен .

2-1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Жол полициясы департаментінің бастығы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің өндірістік-техникалық мүмкіндіктерін және оларды көлік құралдарының техникалық жағдайын техникалық байқау алдында диагностикалауға жіберуді қарау үшін Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті өкілдерінің қатысуымен (келісуімен), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Жол полициясы департаментінің аппараты қызметкерлерінің ішінен жұмыс тобын құрсын.

*Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 528 бұйрығымен .*

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 134 бұйрығымен бекітілген "Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібінің" күші жойылды деп е с е п т е л с і н .

4. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Жол полициясы Департаментіне жүктелсін.

*Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 12 қарашадағы N 787 бұйрығымен , 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 б ұ й р ы ғ ы м е н .*

5. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді деп белгіленсін.

*Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі -  
Ішкі әскерлерінің*

*қолбасшысы генерал-лейтенант*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
І ш к і і с т е р м и н и с т р л і г і н і ң  
1 9 9 9 ж ы л ғы 2 2 қ а р а ш а д а ғы  
N 5 8 7 б ұ й р ы ғ ы н а

1-қосымша

**Қазақстан Республикасында автомотокөлік құралдары  
мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық  
байқауды жүргізудің**

**тәртібі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасында автомотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді (бұдан әрі мәтін бойынша - көлік құралдары) мемлекеттік

техникалық байқауды (бұдан әрі мәтін бойынша - техникалық байқау) жүргізудің тәртібі заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясында тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын көлік құралдарын техникалық байқауды жүргізудің тәртібі мен мерзімдерін белгілейтін нормативтік құқықтық акті болып табылады.

2. Осы Тәртіп барлық көлік құралдарының меншік иелері мен көлік құралдарының меншік иесі оларға иелік ету және (немесе) пайдалану және (немесе) билік ету құқығын берген адамдар (бұдан әрі мәтін бойынша - көлік құралдарының тәртіптерінің, нормативтерінің және стандарттарының иелері) - меншік нысандарына қарамастан барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар (бұдан әрі мәтін бойынша - заңды тұлғалар), сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі мәтін бойынша - жеке тұлғалар) үшін міндетті.

3. Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылып жүрген және белгіленген тәртіппен тіркелген көлік құралдары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясында міндетті техникалық байқауға жатады.

4. Техникалық байқаудың негізгі міндеттері:

1) көлік құралдарының құрамдас элементтерінің техникалық жағдайын диагностикалаудың қорытындысы бойынша көлік құралдарының техникалық жағдайының жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қолданылып жүрген нормативтер мен стандарттардың талаптарына сәйкестігін б а ғ а л а у ;

2) көлік құралдарының санын, олардың тиесілілігін және өзге де тіркеу деректерін н а қ т ы л а у ;

3) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу болып табылады.

5. Техникалық байқау кезінде көлік құралдары жүргізушілерінің уақытылы медициналық қайта куәліктендіруден өтуін бақылау жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген өзге де іс-шаралар жүзеге асырылады.

6. Көлік құралдары техникалық байқауға белгіленген мерзімдерге сәйкес:

1) иелері жеке кісі тасумен айналысатын автобустар, автомобиль-таксилер, жеңіл автомобильдер, меншік нысанына қарамастан адамдарды тасымалдау үшін жабдықталған жүк автомобильдері 3 ай сайын;

2) қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған арнаулы көлік құралдары 6 ай с а й ы н ;

3) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген көлік құралдарын қоспағанда, заңды тұлғалардың көлік құралдары аудандық (қалалық) жол

полициясы бөлімшесінің басшысы бекіткен кестеде белгіленген мерзімде 12 ай сайын ;

4) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген көлік құралдарын қоспағанда жеке адамдардың көлік құралдары 12 ай сайын техникалық байқаудан өтуі тиіс .

Осы тармақта көзделген мерзімдер кезекті мемлекеттік техникалық байқау жүргізілген күннен бастап есептеледі.

Көлік құралының иесі (иесінің өкілі) техникалық байқау жүргізу үшін көлік құралын белгіленген мерзімнен ерте әкелуге құқылы.

*Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қарашадағы N 651 бұйрығымен .*

6-1. Көлік құралдарын байқаудың мерзімділігін бірдей етіп бөлуді қамтамасыз ету мақсатында жол полициясы:

1) бірінші техникалық байқау жүргізу кезінде жол полициясында тіркелген көлік құралдары ;

2) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген немесе өзі жасаған және құрастырған көлік құралдарын бірінші рет тіркеу кезінде кезекті техникалық байқау жүргізудің нақты жылы мен айын белгілейді.

*Ескерту: 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қарашадағы N 651 бұйрығымен .*

7. Техникалық байқау көлік құралдарын техникалық байқауды ведомстволық бағыныстағы көліктің техникалық жағдайын тексеру үшін қажетті диагностикалық жабдықтары бар заңды тұлғалар жүргізетін жағдайды қоспағанда, ішкі істер органдарының жол полициясы аудандық (қалалық) бөлімшелерінің жанынан ұйымдастырылатын Жол полициясының техникалық бақылау пункттерінде Қазақстан Республикасының жергілікті әскери басқару органдары өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

Әр аудан, қала үшін техникалық бақылау пункттерінің қажетті санын көлік құралдарының саны туралы деректерді ескере отырып Жол полициясы айқындайды .

Техникалық бақылау пункттеріндегі техникалық бақылау жүргізуге уәкілетті жол полициясы қызметкерлерінің саны қолданылып жүрген ішкі істер органдарының қызметкерлері жұмыс ауқымының нормативтеріне сәйкес айқындалады .

*Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен , 2006 жылғы 16 ақпандағы N 78 бұйрығымен .*

8. Тармақ алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен .

## **2. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің техникалық байқауды жүргізуге қатысуының тәртібі**

*Ескерту: 2-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен .*

9. Техника құралдарының техникалық жағдайын техникалық байқаудың алдында диагностикалауды өндірістік-техникалық мүмкіндіктері мынадай т а л а п т а р д ы :

1) техника құралдарының техникалық жағдайын техникалық байқаудың алдында диагностикалау жүргізілетін стационарлық үй-жайдың, көлік құралдарының диагностикалау желілері (постылары) арқылы өтуінің жоспар-сызбасы қойылған өндірістік-техникалық алаңның болуын;

2) келген автомобильдерді қоюға арналған орындардың, көрсетілген үй-жайға кіру және шығу жолдарының болуын;

3) диагностикалық жабдықтар мен бақылау-өлшем аспаптары, олардың жарамдылығы, метрологиялық аттестациядан өту уақыты мен кезеңдері, соңғы тексерілген уақыты Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты (ҚР СТ 1086-2003) "Автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді техникалық диагностикалау. Жұмыс жүргізу технологиясына жалпы техникалық талаптар;

4) білікті мамандардың болуын;

5) нормативтік және техникалық құжаттамалардың болуын;

6) санитарлық-техникалық жабдықтардың болуы мен жарамдылығын қанағаттандыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер жүзеге асырады.

*Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 571 бұйрығымен , 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен , 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 722 бұйрығымен .*

9-1. Транспорт құралдарының техникалық жағдайын мемлекеттік техникалық байқаудың алдында диагностикалау Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты (ҚР СТ 1086-2003) "Автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді техникалық диагностикалау. Жұмыс жүргізу технологиясына жалпы техникалық талаптар .

*Ескерту: 9-1-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 722 бұйрығымен .*

1 0 - 2 5 . < \* >

*Ескерту: 10-25-тармақтар алынып тасталынды - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен .*

## **3. Техникалық байқауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар**

26. Жол полициясы жыл сайын 1 желтоқсанға дейін қала (аудан) бойынша техникалық байқау жүргізілетін мерзімдер мен жерлер туралы мәліметті қамтитын, заңды тұлғалардың көлік құралдарын техникалық байқаудың кестесін ж а с а й д ы .

*Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 12 қарашадағы N 787 бұйрығымен , 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен .*

27. Кестені ІІБ ЖПБ-ның (қаланың, ауданның) бастығы бекітеді және техникалық байқау өткізу басталғанға дейін бір аптадан кешіктірілмей жергілікті атқарушы органдардың, салық органдарының, қалалық (аудандық) әскери комиссариаттардың және көлік құралдарының иелері - заңды тұлғалардың н а з а р ы н а ж е т к і з і л е д і .

*Ескерту: 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 12 қарашадағы N 787 бұйрығымен .*

28. Жол полициясы техникалық байқау басталғанға дейін және оны өткізу кезінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көлік құралдарын техникалық байқауға ұсынудың мерзімдері, шарттары және тәртібі туралы көлік құралдарының иелеріне хабарлауға міндетті.

29. Көлік құралдарының иесі - ұйымдар мен мекемелердің басшыларына Жол полициясы техникалық байқауды өткізудің мерзімдерін, өтетін жерін және тәртібін, сондай-ақ көлік құралдарын техникалық байқауға дайындауға қатысты басқа да қажетті мәліметтерді көрсете отырып жазбаша хабарлама жолдайды. Көлік құралдарын техникалық байқау жүргізілетін жерлерде техникалық байқауды жүргізудің тәртібі, көлік құралдарының техникалық жағдайына талаптарды белгілейтін нормативтер туралы, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың, көлік құралдарына арналған салықты есептеудің және төлеудің тәртібі және т.б. туралы станды-панно қойылады.

#### **4. Техникалық байқауды жүргізудің тәртібі**

30. Көлік құралдарын техникалық байқау олардың тұрақты немесе уақытша тіркелген жері бойынша жүргізіледі.

31. Иелері (заңды және жеке тұлғалар) өздеріне тиесілі көлік құралдарын белгіленген мерзімдерде және жерге техникалық байқауға әкелуге міндетті. Белгіленген мерзімдерде техникалық байқауға ұсынылмаған көлік құралдары техникалық байқаудан өтпеген деп саналады, ал оларды пайдалануға қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тыйым салынады.

32. Қазақстан Республикасының Автокөлік құралдары. СТ сәйкес ведомстволық көліктің техникалық жағдайын тексеруге арналған қажетті диагностикалық жабдықтары бар заңды тұлғалардың көлік құралдарын

техникалық байқау, жол қозғалысының қауіпсіздігі шарттары бойынша техникалық талаптар, білікті мамандардың штатының тексерулерінің әдістері Жол полициясымен келісім бойынша тікелей осы ұйымдар мен мекемелердің аумағында белгіленген мерзімдерде жүргізіледі. Бұл ретте көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалау ұйымдардың, мекемелердің жылжымалы құрамды пайдалану мен олардың техникалық жағдайы үшін жауапты лауазымды тұлғаларының қатарынан комиссия арнайы уәкілеттендірген Жол полициясының уәкілетті қызметкерінің бақылауымен, Қазақстан Республикасының жергілікті әскери басқару органдары өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

*Ескерту: 32-тармақ өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 16 ақпандағы N 78 бұйрығымен .*

33. Ведомстволық бағыныстағы көлік құралдарының техникалық жағдайын тексеру үшін қажетті жағдайлары жоқ заңды тұлғалардың көлік құралдарын, сондай-ақ жеке тұлғалардың көлік құралдарын диагностикалау көлік құралдарының техникалық жағдайын техникалық байқаудың алдында диагностикалауға тартылған заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің диагностикалау желілерінде (постыларында) жүзеге асырылады.

*Ескерту: 33-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен .*

34. Заңды тұлғалардың техникалық құралдарын техникалық байқаудың нәтижелерін ресімдеуді заңды тұлғаның балансындағы көлік құралдары туралы деректерді Жол полициясының тіркеу деректерімен салыстырғаннан, техникалық байқау өткізілетін жерге әкелінбеген техникалық құралдарға байқау жүргізілгеннен, бұл көлік құралдарын арнаулы есептер бойынша тексергеннен кейін Жол полициясы жүргізеді.

35. Көлік құралдарын техникалық байқауды заңды тұлға:

1) заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлікті;  
2) ұйымның, мекеменің балансындағы көлік құралдарының санын растайтын құжаттар ;

3) көлік құралдарының тіркелгендігі туралы куәлікті;

4) алынып тасталынды ;

5) көлік құралын тіркеу туралы куәліктің деректері, көлік құралының және оның құрамдас элементтерінің параметрлері көрсетілген (осы Тәртіптің 40-1-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда) және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер диагностикалық пунктінің көлік құралының техникалық жағдайын диагностикалауды жүргізген маманының қолымен және мөрімен расталған диагностикалық картаны (4-қосымша).

Көлік құралдарына бекітілген жүргізушілердің аталған санаттағы көлік құралдарын басқару құқығына арналған жүргізушілік куәлігі мен көлік құралын

басқаруға жарамдылығы туралы медициналық анықтамасының болуы тексеріледі. Медициналық анықтаманың болуы жүргізуші куәлігі берілген күннен бастап уақыты мерзімді медициналық куәліктендіру үшін белгіленген мерзімнен асып кеткен жағдайларда ғана міндетті.

Медициналық куәліктендірудің, тексерудің тәртібін және оның мерзімділігін Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілеттік берген орган белгілейді ("Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі заңының 17-бабының 3-тармағы).

*Ескерту: 35-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 12 қарашадағы N 787 бұйрығымен , 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен , 2005 жылғы 16 наурыздағы N 168 бұйрығымен .*

36. Көлік құралдарын техникалық байқауды жеке тұлға немесе оның атынан өкіл (сенім білдірілген тұлға):

- 1) алынып тасталынды ;
- 2) аталған санаттағы көлік құралын басқару құқығына арналған жүргізуші куәлігінің ;
- 3) көлік құралының тіркелгендігі туралы куәлікті;
- 4) белгіленген үлгідегі көлік құралын басқару және оған билік ету құқығына арналған нотариалдық куәландырылған куәлікті (көлік құралын сенімді тұлғаға берген жағдайда) ;
- 5) алынып тасталынды ;
- 6) жүргізуші куәлігін алу уақыты мерзімді медициналық куәліктендіру мерзімінен асып кеткен жағдайда аталған санаттағы көлік құралын басқаруға жарамдылығы туралы белгіленген нысандағы медициналық анықтаманы;
- 7) көлік құралын тіркеу туралы куәліктің деректері, көлік құралының және оның құрамдас элементтерінің параметрлері көрсетілген (осы Тәртіптің 40-1-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда) және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер диагностикалық пунктінің көлік құралының техникалық жағдайын диагностикалауды жүргізген маманының қолымен және мөрімен расталған диагностикалық картаны (4-қосымша).

*Ескерту: 36-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 12 қарашадағы N 787 бұйрығымен , 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен , 2005 жылғы 16 наурыздағы N 168 бұйрығымен .*

37. Диагностика желілерінде (постыларында) көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалау кезінде иелері көлік құралының тіркелгендігі туралы куәлікті ғана ұсынады.

Көлік құралының техникалық жағдайын диагностикалаудың нәтижелері көлік құралының өлшемдері мен оның құрамдас бөліктері көрсетіле отырып диагностикалық картада (4-қосымша) тіркеледі. Көлік құралдарының техникалық



жағдайы диагностикаланғаннан кейін диагностикалық карта жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде көлік құралдарының параметрлері мен оның құрамдас элементтерінің шекті рұқсат етілетін нысаналары бойынша көлік құралының ақаусыздығын анықтау және техникалық байқаудың нәтижелерін ресімдеу үшін Жол полициясының уәкілетті қызметкеріне көрсетіледі. Диагностикалық карта 3 жыл бойы кәртiшкелермен бекітіліп Жол полициясында сақталады.

Диагностикалық карта көлік құралдарының техникалық жағдайы диагностикаланған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде жарамды. Көлік құралының бастапқы тексеруден өткен сәттен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде қайталап тексеруге ұсыну кезінде оның алдындағы тексеру кезінде көлік құралының өлшемдері белгіленген талаптарға сәйкес келмеген құрамдас бөліктері ғана диагностикалауға жатады. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін тексеру толық көлемде жүргізіледі.

*Ескерту: 37-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен , 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 548 бұйрығымен .*

38. Белгіленген мерзімде көлік құралын өз жүрісімен техникалық байқау жүргізілетін жерге әкелу мүмкін болмаған жағдайда (бұзылуына және т.б. байланысты) олардың иелері Жол полициясына тиісті белгі қою және есепке алу үшін жазбаша өтініш пен жүргізуші куәлігін, медициналық анықтамаларды, көлік құралының техникалық жағдайы туралы диагностикалық картаны қоспағанда, жазбаша өтініш пен осы Тәртіптің 35 (36)-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуға міндетті.

Ұзақ сақтауға қойылған көлік құралдарын техникалық байқау заңды тұлға - көлік құралының иесі көлік құралының техникалық жағдайы туралы мәлімет көрсетілуі тиіс актіні ұсынғаннан кейін жүргізіледі.

39. Мемлекеттік техникалық байқаудың алдында көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалауға қатысатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің диагностика пункттерінде көлік құралдарының техникалық жағдайы Қазақстан Республикасының "Автокөлік құралдары. Жол жүру қауіпсіздігінің шарттары бойынша техникалық талаптар. Тексерудің әдістері". ҚР СТ Р 51709-2003 Мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес тексеріледі.

Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған (жабдықталған) көлік құралдарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 316 қаулысымен бекітілген Автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау, олардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту ережесі және қауіпті жүктерді тасымалдайтын жүргізушілер мен автокөлік құралдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес қосымша талаптар қойылады.

Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған (жабдықталған) көлік құралдарына Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қосымша талаптар қойылады.

Жедел және арнаулы қызметтердің автомобильдерінде арнаулы жарықтық және дыбыстық сигналдардың, түсті графикалық бояу мен жазулардың болуы, олардың стандартқа сәйкестігі қосымша тексеріледі.

Тіркемелер мен жартылай тіркемелердің техникалық жағдайы автопоездың құрамында тексеріледі.

*Ескерту: 39-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 548 бұйрығымен.*

40. Жол полициясының қызметкері көлік құралының құрамдас бөлігінің техникалық жағдайын диагностикалаудың нәтижелері бойынша көлік құралының ақаусыздығын анықтайды және үлгісінің, моделінің, нөмірлік белгілерінің, дөңгелегінің (рамасының), кузовы мен двигателінің өндірістік нөмірлерінің көлік құралын тіркеу туралы куәліктің (техникалық төлқұжаттың) деректерімен сәйкестігін салыстыруды жүзеге асырады. Тіркеу құжаттары мен жүргізуші куәліктерін тексеру жүргізіледі. Көлік құралдары мен олардың иелері арнаулы есепке алу бойынша тексеріледі.

*Ескерту: 40-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 548 бұйрығымен.*

40-1. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген көлік құралдары мемлекеттік техникалық байқаудан, жол полициясының тіркеу бөлімшелерінде алғашқы тіркеу кезінде, сертификат немесе басқа да жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетіндігін растайтын құжаттар негізінде өтеді.

*Ескерту: 40-1-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 16 наурыздағы N 168 бұйрығымен.*

4 1 . < \* >

*Ескерту: 41-тармақ алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 722 бұйрығымен.*

42. Көлік құралдары осы Тәртіптің 39, 40-тармақтарының талаптарына жауап бермейтін көлік құралдарының иелеріне диагностикалық карта беру арқылы қолданып жүрген заңдарда сәйкес шаралар қолданылады.

43. Жол полициясы техникалық байқаудан өткен автокөлік құралына техникалық байқаудан өткендігі туралы куәлік пен талон береді. Куәлік Жол полициясының уәкілетті қызметкерінің қолымен және оның жеке мөртаңбасымен расталады.

44. Техникалық байқаудан өткендігі туралы куәлік жоғалған немесе бүлінген жағдайда оның көшірмесін Жол полициясының есепке алу деректері бойынша тексеру жүргізгеннен кейін Жол полициясы береді.

45. Заңды тұлғалардың әрбір техникалық құралын техникалық байқаудың нәтижесі диагностикалық картада тіркеледі (4-қосымша). Одан кейін екі данада көлік құралдарын техникалық байқау актісі (5-қосымша) рәсімделеді, оның біреуі қалалардың (аудандардың) қорғаныс істері жөніндегі басқармаларына (бөлімдеріне), екіншісі - Жол полициясына жіберіледі. Көшірмесі көлік иесі - заңды тұлғаға беріледі. Диагностикалық карталардың деректері Жол полициясының көлік құралдарын және олардың техникалық жай-күйі туралы деректер базасына енгізіледі. Жеке адамдардың көлік құралдарын техникалық байқаудың нәтижелері диагностикалық картаға тіркеледі және Жол полициясының көлік құралдары мен олардың техникалық жай-күйі туралы деректер базасына енгізіледі, сондай-ақ қалалардың (аудандардың) қорғаныс істер жөніндегі басқармаларына (бөлімдеріне) жіберіледі. Техникалық байқаудың нәтижелері туралы деректерді өңдеуге және сақтауға арналған компьютерлік техникамен жабдықталған Жол полициясы бөлімшелерінде  
ж у р н а л т о л т ы р ы л а д ы .

*Ескерту: 45-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 16 ақпандағы N 78 бұйрығымен .*

46. Көлік құралы уақытша тіркелген жері бойынша техникалық байқаудан өткен жағдайда диагностикалық картаның көшірмесі бір апта мерзімде көлік құралының тұрақты тіркелген жері бойынша жіберіледі.

47. Жол полициясы техникалық байқаудың нәтижелері бойынша техникалық байқауға ұсынылмаған көлік құралдарының саны мен тиесілілігін белгілеу мақсатында есептік деректер бойынша салыстырулар жүргізеді. Тиісті есепке алуларға қажетті түзетулер енгізіледі, белгіленген тәртіппен тиісті инстанцияларға жолданатын көлік құралдары мен олардың техникалық жағдайы туралы есеп жасалады. Техникалық байқауға ұсынылмаған көлік құралдарының нақтыланған тізбесі ай сайын салықтық органдарға жолданады.

48. Аудандар (қалалар) ішкі істер органдарының жол полициясы көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалауды жүзеге асыратын әрбір заңды тұлғаға жеке кәсіпкерге өндірістік-техникалық базаны тексеру актісі, комиссияның қорытындысы, анықталған кемшіліктерді жою туралы ұйғарымдар мен оларға жауаптар, сондай-ақ аталған заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қызметіне қатысты басқа да құжаттамалар сақталатын іс қағаздарын жүргізеді.

*Ескерту: 48-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен .*

**5. Жол полициясының техникалық байқаудың алдында көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалауды бақылауы**

49. Техникалық байқаудың алдында көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалауды бақылаудың мақсаты оны жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қолданылып жүрген нормативтер мен стандарттарға сәйкес жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады.

50. Техникалық байқаудың алдында көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалауды жүргізуді бақылау:

1) алынып тасталынды ;

2) заңды тұлғалардың және/немесе жеке кәсіпкерлердің диагностика желілерінде (постыларында) диагностикалаудан өткен көлік құралдарының техникалық жағдайын іріктеп диагностикалау;

3) заңды тұлғалардың және/немесе жеке кәсіпкерлердің диагностика желілерінде (постыларында) көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалаудың технологиялық процесін жедел бақылау нысанында жүзеге асырылады .

*Ескерту: 50-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен .*

51. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты бөлігінде көлік құралдары мен олардың құрамдас элементтерінің техникалық жағдайына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтер мен стандарттарды бұзған, көлік құралдары мен олардың құрамдас бөліктерінің техникалық жағдайының тексерілетін параметрлерінің көлік құралына арналған диагностикалық картада көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмеуі, көлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалау кезінде пайдаланылатын тексеру әдістері бұзылған жағдайда; қолданылып жүрген заңдарда көзделген өзге де жағдайларда Жол полициясы анықталған кемшіліктер жойылғанша заңды тұлғаның және/немесе жеке кәсіпкердің диагностикалық карталарын қабылдауды тоқтата тұрады, ол туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көлік құралдарының иелеріне хабарлайды. Бұл ретте акті жасалады және анықталған кемшіліктерді жою туралы міндетті ұйғарымдама беріледі. Мемстандарттың органдарына орын алған стандарттардың бұзылуы туралы ақпарат жіберіледі.

*Ескерту: 51-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен , 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 548 бұйрығымен .*

Т ә р т і п к е

1 - қ о с ы м ш а

2 - қ о с ы м ш а

3-қосымша

*Ескерту: 1-3-қосымшалар алынып тасталынды - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығымен .*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2001 жылғы 12 қарашадағы  
N 787 бұйрығына

N 4 қосымша

*Ескерту: N 4 қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 12 қарашадағы N 787 бұйрығымен.*

**ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КАРТА**  
**(заполняется уполномоченным работником станции**  
**(пункта) технического диагностирования)**

Диагностика пунктiнiң атауы \_\_\_\_\_  
ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КАРТАНЫҢ N \_\_\_\_\_

— — — — —  
Ағымдағы техникалық байқаудың датасы \_\_\_\_\_

Тоқсан техникалық байқаудан  
өту датасы (автобустар үшін) \_\_\_\_\_

Көліктің мемлекеттік нөмірі \_\_\_\_\_

Маркасы, нұсқасы \_\_\_\_\_

Көлік куәлігінің сериясы, нөмірі \_\_\_\_\_

Көліктің түрі \_\_\_\_\_

Қозғағыштың N \_\_\_\_\_

Шасси N \_\_\_\_\_

Кузовтың N \_\_\_\_\_

Отын түрі: \_\_\_\_\_

Өндірген елі (ТМД, шетелдік) \_\_\_\_\_

Шығарылған жылы \_\_\_\_\_

Жүрген жолы, км \_\_\_\_\_

Қуаты (ат күші/кВт) \_\_\_\_\_

Отыратын орын саны (автобустар үшін) \_\_\_\_\_

Қозғағыштың көлемі, см<sup>3</sup> (жеңіл көліктерге) \_\_\_\_\_

Жүк көтергіштігі, кг (жүк таситын көліктерге) \_\_\_\_\_

Тіркеуге алу орыны (қала, аудан) \_\_\_\_\_

Иесінің коды (1-заңды тұлға, 2-жеке тұлға) \_\_\_\_\_

Автокөлікте техникалық байқауға табыс ететін  
адамның тегі/заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты/Ведомство \_\_\_\_\_

ЖК-нің берілген датасы, N сериясы \_\_\_\_\_

Уақытша тіркеу:/датасы \_\_\_\_\_  
 Іс-қимыл мерзімі \_\_\_\_\_  
 Мекен-жайы: Облысы \_\_\_\_\_  
 Ауданы \_\_\_\_\_  
 Елді мекені \_\_\_\_\_  
 Көшесі,Үйі, Пәтері \_\_\_\_\_  
 ЭДК - ны берген Мемлекеттік  
 автоинспекторы \_\_\_\_\_  
 Тіркеуші \_\_\_\_\_

Топтың атауы ! Конструкция параметрлерінің,! ! !  
 !құрамдас бөлшектерінің немесе!Көрсет !Сарап!Сарапшы  
 ! қосымша құрылғыларының атауы!кіштері!шының!ның қолы  
 ! ! ! м ө р і !

Тормозная система: 1. Детали тормозной системы (повреждения) \_\_\_\_\_  
 Тежеуіш жүйесі: 2. Эффективность стояночного тормоза \_\_\_\_\_  
 3. Герметичность тормозного привода (давление в МПа) \_\_\_\_\_ МПа  
 4. Разность тормозных сил передних колес \_\_\_\_\_ %  
 5. Разность тормозных сил задних колес \_\_\_\_\_ %  
 6. Тормозной путь (при проверке вне стендовых условий), метров \_\_\_\_\_ м  
 7. Установившееся замедление, метров/с<sup>2</sup> \_\_\_\_\_ м/с<sup>2</sup>  
 8. Время срабатывания тормозной системы, сек. \_\_\_\_\_ С  
 9. Удельная тормозная сила \_\_\_\_\_ %

Рулевое управление: 10. Сила по шкале динамометра, кг/сек. \_\_\_\_\_  
 Рульдік басқару: 11. Суммарный люфт на рулевом колесе, градусов \_\_\_\_\_

12. Состояние рулевого управления (удовл.-неудовл.) \_\_\_\_\_

Световые приборы: 13. Соответствие стандарту внешних световых приборов \_\_\_\_\_

Жарык приборлары: 14. Высота установки фары, мм \_\_\_\_\_ мм

15. Угол наклона светового пучка в вертикальной плоскости \_\_\_\_\_

16. Расстояние от проекции центра фары до светотеневой границы пучка по экрану, мм \_\_\_\_\_ мм

Ходовая часть: 17. Карданный вал (повреждения, крепление) \_\_\_\_\_

Жүріс бөлігі: 18. Сцепление (исправность) \_\_\_\_\_

19. Тягово-сцепное устройство (исправность) \_\_\_\_\_

20. Колеса (повреждения крепление) \_\_\_\_\_

21. Шины (размеры, остаток рисунка протектора (мм)) \_\_\_\_\_ мм

Стеклоочистители, стеклоомыватели: 22. Стеклоочистители, стеклоомыватели, обогрев (наличие, исправность) \_\_\_\_\_

эйнек тазарт. қыштар, э й н е к 23. Максимальная частота перемещения щеток, ход/мин \_\_\_\_\_ ход/мин  
ж у ғ ы ш т а р

Двигатель и его системы: 24. Герметичность топливной системы \_\_\_\_\_

Қозғағыш және оның жүйелері (соответствие стандарту) 25. Топливные баки \_\_\_\_\_

26. Токсичность выхлопных газов \_\_\_\_\_ %

27. Дымность выхлопных газов \_\_\_\_\_ %

Прочие элементы 28. Зеркала заднего вида  
 конструкции: (соответствие стандарту) \_\_\_\_\_  
 Конструкцияның 29. Светопропускаемость стекол \_\_\_\_\_ %  
 басқа да \_\_\_\_\_  
 элементтері 30. Воздушный манометр  
 (исправность) \_\_\_\_\_  
 31. Спидометр (исправность) \_\_\_\_\_  
 32. Приспособление для  
 подавления помех радиоприему  
 (наличие, исправность) \_\_\_\_\_  
 33. Замки дверей, звуковой  
 сигнал, аварийные выходы,  
 мех. регулировка сидения  
 водителя, ремни безопасности,  
 грязь защитные фартуки,  
 знак аварийной остановки,  
 огнетушитель, аптечка  
 (наличие, исправность) \_\_\_\_\_

Заклучение \_\_\_\_\_ госавтоинспектора:  
 Мемлекеттік автомобиль инспекторының қорытындысы: \_\_\_\_\_  
 Примечание: Ескерту: \_\_\_\_\_  
 Свидетельство и талон техосмотра N: \_\_\_\_\_  
 Техникалық байқау куәлігі мен талонының нөмірі \_\_\_\_\_  
 Государственный автомобильный инспектор: \_\_\_\_\_  
 Ш т а м п  
 Мемлекеттік автомобиль инспекторы \_\_\_\_\_  
 М ө р т а ң б а  
 ТО: ТК: \_\_\_\_\_

Т ә р т і п к е

5-қосымша

*Ескерту: N 5 қосымшадағы реттік нөмірі 10-баған алынып тасталынды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 12 қарашадағы N 787 бұйрығымен .*



Көлік құралдарын техникалық байқаудың

А к т і с і

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19\_\_ ж.

Мен, \_\_\_\_\_  
(Жол полициясы қызметкерлерінің лауазымы, атағы, аты-жөні)  
комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қатысуымен

(кәсіпорын, ұйым, ведомстволық тиесілігі)  
\_\_\_\_\_ балансында тұрған техникалық құралдарға (ТҚ) техникалық  
б а й қ а у \_\_\_\_\_ ж ү р г і з д і м

Техникалық байқау кезінде мыналар анықталды:

1. \_\_\_\_\_ бірлік ТҚ техникалық байқауға ұсынылды  
( с а н ы )

№ ТҚ-ның Моделі Мемлекеттік Шыққан жылы Реттік нөмірі  
ү л г і с і н ө м і р л і к  
б е л г і с і

Двигатель Кузов Рамасы, дөңгелек.  
т е р і

1 2 3 4 5 6 7 8

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

ТҚ-ның техникалық жағдайы туралы туралы қорытынды  
ТБ-дан өткендігі ТБ-дан өткендігі туралы қорытынды туралы талонның нөмірі

9 1 0 1 1 1 2

\_\_\_\_\_ көлік құралдары техникалық байқаудан өтті  
( с а н ы )

\_\_\_\_\_ көлік құралдары техникалық байқаудан өтпеді, оның  
( с а н ы )

ішінде мынадай себептермен: ағымдағы жөндеудің немесе оны күтудің  
салдарынан \_\_\_\_\_ бірлік;

( с а н ы )

күрделі жөндеуге байланысты \_\_\_\_\_ бірлік;  
( с а н ы )

қайта жабдықтауға байланысты \_\_\_\_\_ бірлік;  
( с а н ы )

консервацияда болуына байланысты \_\_\_\_\_ бірлік;  
( с а н ы )

Жол қозғалысы ережесінің талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты \_\_\_\_\_ бірлік.

( с а н ы )

2. \_\_\_\_\_ көлік құралы техникалық байқауға ұсынылған жоқ.

( с а н ы )

---

N	Көлік құралының түрі	Моделі	Мемлекеттік нөмірлік	Техникалық бай.
p\c		белгісі		қауға ұсынбау
				с е б е п т е р і

---

1	2	3	4	5	_____
---	---	---	---	---	-------

---

3. Көлік құралдарына арналған салықты төлегендігі туралы куәландырылатын төлем тапсырмасының нөмірі, төленген күні, сомасы \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Кәсіпорынның басшысы \_\_\_\_\_  
( қ о л ы , а т ы - ж ө н і )

Бухгалтер (немесе есеп жүргізетін адам) \_\_\_\_\_  
( қ о л ы , а т ы - ж ө н і )

Жол полициясының қызметкері \_\_\_\_\_ М.О.  
( қ о л ы , а т ы - ж ө н і )

Саны \_\_\_\_\_ техникалық байқаудан өткендігі туралы талонды кәсіпорынның өкілі алды \_\_\_\_\_  
( қ о л ы ) ( а т ы - ж ө н і )

**Көлік құралдарының мемлекеттік техникалық байқаудан өткендігі туралы**

**Куәлік**

К ө л е м і 1 0 5 X 7 5 м м  
к у ә л і к б л а н к і с і

---

А 2000 жылы мемлекеттік техникалық байқаудан өткендігі туралы

KZ

Куәлік \_\_\_\_\_

Иесі (аты-жөні) \_\_\_\_\_

Маркасы, моделі \_\_\_\_\_

Мем. нөмірі \_\_\_\_\_

Двигателінің жұмыс көлемі \_\_\_\_\_ текше см.

Спидометрдің көрсетуі \_\_\_\_\_ км.

Салық төлегендігі туралы құжаттың N \_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы)

(сомасы теңгемен)

мөртаңба \_\_\_\_\_

(ҚОЛЫ)

N 0 0 0 0 0 0

Иесі мен мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгісінің өзгеруі \_\_\_\_\_

Иесі (аты-жөні) \_\_\_\_\_

Мем. нөмірі \_\_\_\_\_

М.О. \_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы)

(ҚОЛЫ)

Иесі (аты-жөні) \_\_\_\_\_

Мем. нөмірі \_\_\_\_\_

М.О. \_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы)

(ҚОЛЫ)

**Б е т ж а ғ ы :**

Куәлікте "А" аймақтың (облыстардың) литері; "KZ" мемлекеттің халықаралық белгісі, куәліктің реттік нөмірі келтірілген;

көлік құралының иесі, маркасы, моделі, мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгісі, двигателінің жұмыс көлемі, көлік құралына арналған салық туралы деректерді енгізуге арналған орын бар, техникалық байқауды жүргізген Жол полициясы қызметкерлерінің мөртаңбасы мен қ о л ы ү ш і н о р ы н б а р ;

аймақтың литері мен "2000 жылы мемлекеттік техникалық байқаудан өткендігі туралы КУӘЛІК" деген жазулары бар бөлігінің фоны - қызыл түсті, қалған бөліктерінің фоны - ашық көгілдір түсті.

**К е л е с і ж а ғ ы :**

Көлік құралдарының жаңа иесі, мемлекеттік тіркеудің нөмірлік

белгісінің ауыстырылғандығы, көрсетілген деректердің енгізілген уақыты туралы деректерді енгізу үшін орын бар, Жол полициясының тіркеу-емтихан алу бөлімшесі қызметкерінің мөрі мен қолы үшін  
о р ы н б а р ;

"Иесі мен мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгісінің өзгеруі" деген жазу бар бөлігінің фоны - қызыл түсті, қалған бөлігінің фоны - ашық көгілдір түсті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК